

Бюджеттік қарыздар бойынша есептеу жүргізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 12 маусым N 730

Қорғаныс және құқық қорғау ведомстволары бюджеттік ұйымдарының алған материалдық құндылықтарға және көрсетілген қызметтерге пайда болған берешектерін қысқарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

республикалық бюджет пен республикалық бюджетке салық төлемдері бойынша берешектері бар ұйымдардың арасында беріліп отырған тізбеге сәйкес (1-4 қосымшалар) жалпы сомасы 245497 мың (екі жүз қырық бес миллион төрт жүз тоқсан жеті мың) теңгеге бір жолғы есептеу жүргізісін;

аталған соманы алған материалдық құндылықтары мен қызмет көрсетулері үшін берушілердің алдында берешегі бар қорғаныс және құқық қорғау ведомстволарының бюджеттік ұйымдарын қаржыландыру есебіне есептесін.

2. Берешектерді есептеу аталған соманы 1996 жылғы 1 маусымдағы

жағдайы бойынша республикалық бюджеттің кіріс және шығыс бөлігінде көрсетіле отырып жүргізілсін.

3. Алматы қаласының, Ақтөбе, Ақмола, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Көкшетау, Маңғыстау, Солтүстік Қазақстан облыстарының әкімдері тиісті жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын бюджеттік ұйымдар бойынша осы секілді есептеу жүргізетіні ескерілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1996 жылғы 12 маусымдағы

N 730 қаулысына

1-қосымша

Құқық қорғау және қорғаныс ведомстволарын қаржыландыру есебіне есепке алынған республикалық бюджетке қосылған құнға салынатын салық бойынша берешегі бар көлік ұйымдарының

Тізбесі

1. Көлік ұйымдарының атауы
2. Есепке алынған берешек, мың теңге
3. Көлік ұйымдары алдында берешегі бар Қазақстан Республикасының Қорғаныс және құқық қорғау ведомстволарының атауы
 - а) Қорғаныс министрлігі
 - б) Республикалық ұлан
 - в) Ішкі істер министрлігі
 - г) Ішкі әскерлер бас басқармасы
 - д) Мемлекеттік тергеу комитеті
 - е) Ұлттық қауіпсіздік комитеті
 - ж) Мемлекеттік шекараны күзету жөніндегі мемкомитеті

1	2	3

	а б в г д е ж	

Тың темір жол

басқармасы,

Ақмола қаласы 48399 30000 13592 2738 565 1504

Батыс Қазақстан

темір жолы басқарма.35373 20514 7796 3057 1766 1840 400

сы, Ақтөбе қаласы

Алматы темір жолы

басқармасы, Алматы

қаласы 2345 1019 500 826

Барлығы 86117 50514 1019 21388 5795 2831 4170 400

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1996 жылғы 12 маусымдағы

№ 730 қаулысына

2-қосымша

Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын және 1996 жылдың 1 маусымындағы жағдай бойынша республикалық бюджетке салық төлемдері жөнінде Ақмола ішкітоқсандық жылу жүйелері шаруашылық есептегі кәсіпорнының берешегі бар ұйымдардың

Тізбесі

Ұйымдардың атауы	Есептелген сома, мың теңге
Мемлекеттік тергеу комитетінің Ақмола облысы бойынша басқармасы	61
Ақмола облысы ішкі істер басқармасының медициналық бөлімі	3134
Ақмола облысының ішкі істер басқармасы (МАИ басқармасы, эксперттік-криминалистік бөлім)	424
Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Ақмола облысы бойынша басқармасы	302
ЕЦ 166/1 мекемесі	4027
Ақмола ауылшаруашылығы институты	5777
Ақмола облыстық ғылыми-техникалық кітапханасы	191
Гидрометеорология және мониторинг жөніндегі Ақмола орталығы	368
Барлығы	14284

Оның ішінде Ақмола шаруашылық есептегі ішкітоқсандық жылу жүйесі кәсіпорнының республикалық бюджет алдындағы берешегін өтеу есебіне мыналар есептеледі, мың теңге;

заңды тұлғалардың табыс салығы бойынша	- 9464
қосылған құнға салынатын салық бойынша	- 4820
Барлығы	14284

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 12 маусымдағы
N 730 қаулысына
3-қосымша

Құқық қорғау органдарын қаржыландыру есебіне есепке алынатын, республикалық бюджетке салық және басқа міндетті төлемдер бойынша берешегі бар кәсіпорындар

мен ұйымдардың
Тізбесі

Кәсіпорындар мен ұйымдардың | Есептеу жүргізуге жататын берешек
атауы, республикалық бюджетке|

салық және басқа міндетті | Ішкіісмині | МТК
төлемдердің түрлері | |

1 | 2 | 3

"Алматынан" акционерлік қоғамы,
Алматы қаласы,

заңды тұлғалардың табыс салығы 11376 6400

"Арна" акционерлік сауда компаниясы,
Ақтау қаласы

заңды тұлғалардың табыс салығы 16450 -

"Жамбыл-Астық" акционерлік қоғамы,
Жамбыл қаласы,

1994 жылдың астығының орнын
толтыру 19974 -

"Орал нан-бөлке комбинаты"
акционерлік қоғамы, Орал қаласы

экономиканы жаңғырту қоры
бойынша берешек 6513 -

Көкшетау астық өнімдері комбинаты,
Көкшетау қаласы,

заңды тұлғалардың табыс салығы 5421 -

"Севазаматқұрылыс" СӨБ акционерлік
қоғамы, Петропавл қаласы

экономиканы жаңғырту қоры мен
кәсіпкерлікті қолдау және
бәсекелестікті дамыту қоры 3389 -

Қазақстан Республикасы Энергетика
министрлігінің "Петропавлэнергोकұрылыс"
жобалау-құрылыс фирмасы, Петропавл
қаласы

экономиканы жаңғырту қоры мен
кәсіпкерлікті қолдау және
бәсекелестікті дамыту қоры 3752 -

"Восток-Жеңіс" акционерлік қоғамы,

Өскемен қаласы

1994 жылғы өнімнің көкөнісі
және картобын сатып алуға бөлінген
кредитті өтеу 5000 -
Жеміс-көкөніс өнімдері жөніндегі
шаруашылық есептегі Ақмола облыстық
көтерме бөлшек сауда бірлестігі,
Ақмола қаласы

мемлекеттік қажеттілік есебінен
көкөніс және картопты сатып алуға
бөлінген кредитті өтеу 8221 -

"Ақмолабакалейторг" акционерлік
қоғамы, Ақмола қаласы
директивтік кредит 15000 -

Барлығы 95096 6400

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 12 маусымдағы
N 730 қаулысына
4-қосымша

Көлік ұйымдарына қызмет көрсеткені үшін "Рысты-АЭВРЗ"
акционерлік қоғамының осы ұйымдардан алған және 1996
жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша республикалық
бюджетке төленетін салық төлемдерінің есебіне есептелетін
Екібастұз көмірін Қазақстан Республикасы Ішкі істер
министрлігі Қылмыстық-түзеу бас басқармасының мекемелеріне
беруінің
Кестесі

Жеткізілу | Көмірдің мөлшері, | Жеткізілетін көмірдің құны
мерзімі | тонна | (ҚҚС және т/ж тарифінің бағасы
| | бойынша) мың теңге

маусым 28500 14250

шілде	33100	16550
тамыз	30000	15000
қыркүйек	8400	4200
Барлығы	100000	50000

Оның ішінде "Рысты-АЭВРЗ" акционерлік қоғамының республикалық бюджет алдындағы берешегін өтеу есебіне есептеледі, мың теңге:

қосымша құнға салынатын салық бойынша 21000

заңды тұлғалардың табыс салығы

бойынша 29000

Барлығы 50000